

4 Варфоломеев В.В., Амиров Е.Ш., Голобурдина А.В, Оразбаев Н.К., Антонович А.В. Аккезен – новое урбанизированное поселение эпохи бронзы в Казахстане // Модернизация общественного сознания и казахстанские новые гуманитарные науки: материалы научно-практической конференции. – Караганда: ЖШС Pegaso, 2018. С. 189-192.

5 Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки (по материалам Северной Бетпак-Далы). – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 247 с.

## **ШЫҢҒЫС ХАН ЖӘНЕ МОҢҒОЛ МЕМЛЕКЕТІ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЖАЗБАЛАР**

Құрмантай Д.С

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Макишева А.Т

Павлодар педагогикалық университеті

[kurmantay03@inbox.ru](mailto:kurmantay03@inbox.ru)

Шыңғыс хан Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрған саяси қайраткер. Аты күллі әлемге мәшһүр болған даңқты тұлға. Тарихи тұлғасының сыры толық ашылмаған, қаншама зерттеушілердің қызығушылын тудырған өз заманының серкесі.

ЮНЕСКО шешімі бойынша Шыңғыс хан Екінші мыңжылдықтың ең ұлы адамы деп танылған. З.Қинаятұлы «Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті» еңбегінде : «Бірлестік пен Ұлы Жасақ заңы Шыңғыс хан құрған империяның күшті құралы болды. Оны сол құрылымға кірген этностардың бәрі мүлтіксіз орындады. Ол заңнан тайған адамдарға әртүрлі жазалар белгіленді. Осындай мықты әскери тәртіпті тек қарулы күштер ғана емес, оны бүкіл империя тұрғындары орындаған. Түрік-моңғол этностарының тарихында халықтарды біріктіретін ұлы күш болатын заңды тек Шыңғысхан шығарған. Бұл оның өз көрегендігін, алдын болжай алатын кеменгерлігін көрсетеді» [1].

Шыңғыс хан туралы жазылған материалдардың тарихнамалық тізімі 800-ге жетіп жығылады. Шыңғыс ханды ең көп зерттеген елдердің қатарында Қытай, Жапония, Ресей, Франция, моңғолдардың өздері және АҚШ, Германия жатады.

Ендігі осы моңғол империясының толықтай болмасын нақтылы зерттелуіне тоқталатын болсақ, Шыңғыс ханнан тараған ұрпақтың түрі мен салт-дәстүрі, қарапайым тұрмысы туралы елшілер мен саяхатшылардың ой-пікірлер көптеп берілген.

Шыңғыс ханның ел билеуі жер бетіндегі қайталанбаған зұлымдық пен шыңы биік шындықтың шыңырауы іспетті. Осы жердегі ендігі сұрақ зұлматы мен ғаламаты бөлек ұлы қолбасшының ел жаулау ісі біздің Қазақстанға сол замандағы рулар мен қандас тайпаларымызға қалай әсер етті. Бірі білсе бірі білмес қазақтың рухани әрі қоғамдық дамуы осы Шыңғыс ханның езгісі мен төзгісіз ереуілдеріне ұшырап жатты. Соның салдарынан ел дамуы екі ғасырға кешеуілдеді. Тағы бір айта кетерлігі рулардың қойдай бөлініп, бір елде басы, төскейде малы қосылмай ішара алауыздық болып жатқан заманда найман, керей, жалайыр және көрші жатқан басқа да түрік тайпаларын оңайлықпен жаулап алып, қанға тоймас қасқырдай тісін батырған.

Моңғол шапқыншылығының зардабы әлі күнге дейін біздің қоғамда да көрініс табуда. Айналамыздағы адамдарға бір көз салсақ әр үш адамның біреуі моңғолойдтық түр-әлпетке сәйкес келіп жатады. Яғни бұл дегеніміз қан тазалығының жойылуы, нәсілдік өзгеріс, ұлттық болмыстың соққыға ұшырауы болып табылады. Мысалы осы ұлттық түр әлпетке, қанның араласуына, өзіндік ерекшеліктеріне ерекше пікір білдірген. П. Карпини өзінің «Моңғолдардың тарихы» атты еңбегінде: «Олардың бет әлпеті бүкіл басқа елдерден ерекшелінеді, дәлірек айтсақ, көздері мен беттерінің арасы, басқа адамдарға қарағанда жалпақ, беттері жақтарынан бөлектеніп тұрады, мұрындары жалпақ және кішігірім, көздері

қысық, кірпіктері қабақтарына жетеді, белдері кейбір азғантайлары болмаса жалпы жіңішке, барлығының дерлік бойы биік емес, баршасының дерлік сақалдары қысқа болып өседі, алайда кейбіреулерінің жоғарғы ерні мен иегіне әдетте олар қырмайтын түктер бар. Шаштарына олар қос бұрым қалдырып, құлағының артына байлап қояды, аяқтары да үлкен емес»[2].

Моңғолдар жайлы тарихи деректемелік мәні бар еңбектердің ең алды «Моңғолдың құпия тарихы» болып табылады. Құпия тарих XI-XIII ғасырларда Моңғол үстіртін мекен еткен түркі-моңғол тайпаларының 500 жылдық тарихи шежіресін қамтиды. Аталмыш шежіре алғаш Моңғолдың хан ордасында ұйғыр алфавиті негізінде түрік-моңғолша жазылып, кейін қытай тіліне аударылған. Осы пікірді З.Қинаятұлы «Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті» еңбегінде орындай деп табады. Құпия шежіренің сегіз бабында батыс Хорезм жорығы туралы баяндалады. Сонымен қоса онда Отырар опаты жайлы: «Өзінің Сартуларға жіберген Ухуна бастаған 100 елшісінің өлтірілгенін естіген Шыңғыс хан «Сартуларға алтын жібимді үздіріп қойып қалай ғана қарап отырмақпын? Ухуна бастаған 100 елшімнің құнын жоқтамаққа Сарту елімен соғысуға аттандық» делінген [1].

Құпия тарихта Моңғол мемлекетінің әкери-мемлекеттік құрылымы, жергілікті әкімшілік жүйесі, жер иелігі, салық жүйесі туралы біршама деректер бар. Бұларды жіктеп зерттеу, саралау, сараптау қазақ даласында құрылған ұлыстық мемлекет жүйесінің сырын түсінуге мүмкіндік береді. Мәселен, онда Шыңғыс хан құрған Моңғол мемлекетінің орда-гвардиялық жүйесі туралы нақты мәлімет бар. Шыңғыс хан бастаған Моңғолдардың әскери-стратегиялық жетістіктерінің негізі әскери қатаң жүйеде болып отыр. Қазақ даласында құрылған Жошы ұлысында дархандық жер иелену правосы және ежелгі түркі дәстүрі бойынша жасы үлкен, құрметті адамдарды «Бек» атандыратын дәстүрі туралы да Құпия тарихта нақты көрсетілген.

Моңғол шапқыншылығы жаулап алған елдерінің экономикалық және мәдени дамуына тежеу салды. Қазақстанның егіншілік және қалалық мәдениеті тежеліп қалды. Марко Полонын айтуына қарағанда, моңғолдар жаулап алған жерінде қалалардың «әскер енгізуге бөгет жасайтын камал-қабырғалары мен қақпалары болуына рұқсат етпеді. Осылай ауыздыкталған халық көнбіс келеді, бас көтере алмайды». Жетісу қалалары жаугершілік кезінде қиратылған жоқ. Бірақ Жетісудың үстімен өткен қисапсыз көп әскер атының тұяғымен, тонаумен-ақ бұл ауданның шаруашылығына орасан зор зиян келтірілген. Моңғол үстемдігі орнағаннан кейінгі он жылдың ішінде қалалар қиратылып, егістік жер мал жайылымына айналдырылды[2].

Осы оқиғадан кейін отыз жыл өткенле Іле аңғарын басып өткен Вильгельм Рубрук былай деп жазды: «Бұл аңғарда бұрын көптеген қалалар болатын, қазір олардың көбін татарлар (моңғолдар) қиратып, мал жаятын жайылымға айналдырған». Мырза Мухаммед Хайдар Дулати XVI ғасырда: «Моғолстанның кең-байтақ даласында көзге ілінерлік бір қала немесе елді мекен қалмады, бұл жерде бұрын қалалар болғаны жайлы тек қана кітаптан немесе ауыз екі әңгімеден ғана білуге болады» деп жазды[2]. Моңғол феодалдары үстемдік құрған бір жарым мың жыл ішінде бұрын қалалық мәдениеті гүлденген, отырықшы-егіншілік дамыған, халық тығыз қоныстанған Қазақстанның осы бөлігі бұрынғы экономикалық саяси және мәдени маңызынан түгелдей айырылды. Мұның әр түрлі себептері болды. Мысалы: Жетісу аймағында шапқыншылыққа дейін 200-ден астам елді-мекендер болса, одан кейінгі XIII-XIV ғасырларда 20 жуық елді-мекендер қалған.

Моңғол тайпаларының таралған солтүстік аудандарында-Шығыс Саянға Танну-ола жотасына және Оңтүстік алтайға-орман тайпалары деп аталғандар қоныстанды. Олар аң және балық аулаумен айналысты. Қайының қабағынан және басқа да ағаштардан тұрғызылған жеңіл лашықтарда тұрды, жабайы жануарларды қолға үйретті, әсіресе еті мен сүтін тамақ қылатын марал елікті асырады. Олар орманда адасып жүріп бір жерден екінші жерге көшкен кезде өз үй бұйымдарын артты. Сонымен қатар олар жылқыларды да пайдаланды. Қыста олар

орманда шаңғымен жүріп аң аулады.Киім-кешектерін жануарлардың терісінен тіккен.Әсіресе ол өлкеде терісі бағалы бұлғын мен тиіндерді атып алды.Осылайша өмір тұрмысы қарапайым болғанмен кіндік ерекшеліктері жетерлік деп айта аламыз.Мысалы осы өлкелерге бірінші болып келген Чань Чунь өзінің олармен танысқаннан алған әсерін жол күнделігіне мекендеушілер өте көп олар бәрі қара арбалар мен ақ киіз үйлерде тұрады.Олардың күнделікті айналысатыны аң аулау мен балық аулау.Былғары және тері көйлектер киеді,ет пен сүтпен тамақтанады.Тұрғындар су жіне жайылым бар жерлерге орын ауыстырып отырады деп жазды.Кейінірек Чжан Дэ-Хой «Жалпы моңғолдар биік және салқын жерлерге, ал қысқа қарай, отын мен су лнай табылатын жалпы ашық жерлерге көшті. Осы кезеңдер өткен кезде олар бір орыннан екінші орынға ауысады; бүгін жүреді, ертеңгі күн су және шөп бар жерге тоқтап тұрады. Елдің салты мен талғамы осындай, деп жазған болатын.Біз осы екі пікірден де моңғол жұртының өзгелерден ерекшелуеу бірақ қарапайым тұрмыс кешкеніне куәгер бола аламыз.Менің бұл жерде байқағаным моңғол жұртының тұрмысы сол замандағы түрік тайпаларының өмір сүру заңнамалымен үндесіп жатқан іспетті.Біз оны қайдан және қалай байқай аламыз?! Чжан Де Хой атап өткендей моңғолдардың бір жерден екінші жерге көшіп,негізгі тұрағының жоқтығы,мал асырап,соларға ыңғайлы жағдай жасау негізінде өмір сүретіндігі түрік жұртының тіршілігінің айқын бір мысалы.Бізге белгілі болғандай түз тағылары саналатын осы түрік жұрты сырты мал терісінен қапталатын киіз үйлерде мекендегені белгілі [1].

Құпия тарихта Моңғол мемлекетінің әкери-мемлекеттік құрылымы, жергілікті әкімшілік жүйесі, жер иелігі, салық жүйесі туралы біршама деректер бар. Бұларды жіктеп зерттеу, саралау, сараптау қазақ даласында құрылған ұлыстық мемлекет жүйесінің сырын түсінуге мүмкіндік береді. Мәселен, онда Шыңғыс хан құрған Моңғол мемлекетінің орда-гвардиялық жүйесі туралы нақты мәлімет бар. Шыңғыс хан бастаған Моңғолдардың әскери-стратегиялық жетістіктерінің негізі әскери қатаң жүйеде болып отыр. Қазақ даласында құрылған Жошы ұлысында дархандық жер иелену правосы және ежелгі түркі дәстүрі бойынша жасы үлкен, құрметті адамдарды «Бек» атандыратын дәстүрі туралы да Құпия тарихта нақты көрсетілген.

Енді өзіміздің қазақ тарихшыларының еңбектеріне тоқталсақ: Ш.Ш.Уәлиханов, Қ.Халид, В.В.Трепавлов, А.Исин, М.Х.Дуллати, Қ.Жалайыр, С.Д.Асфендияров, Б.И.Көмеков, Т.И.Султанов, С.Ибрагимов, Р.Сыздықова, М.Қойгелдиев еңбектерінде жанама түрде айтылады.

Моңғол шапқыншылығының Қазақстанға тигізген әсері. Моңғол шапқыншылығының саяси-әлеуметтік зардаптары. Моңғол шапқыншылығы Қазақстанның этносоциологиясына кері әсерін тигізді. Қазақстанды мекендеген көптеген халықтар соғыс зардабынан Үнді, Египет, Венгрия, Балқан, Қытайға кетіп жан сауғалады. Халыққа салынған салық мөлшері көп болды. Әскери міндеткерлік ерекше ауыр болды – халық моңғол әскеріне жауынгерлер беріп отыруға міндеттелді. Отырықшы халық та әскери қызмет атқаруға тиісті болды. Мал бағатын көшпелі халық хан сарайы мем өздерінің тікелей мырзаларының пайдасына құшыр төлеуге міндетті болды. Отырықшы халық жер салығын (харадж) төледі. Әскерлерді астықпен, малмен және басқаларымен жабдықтауға арналған алым-тағар, «төтенше салық» (аваиз) және басқа көптеген салықтар белгіленді.Зерттеушілер жер-жерден жаппай алынған, моңғолдар белгілеген салықтың 20 түрін тапқан.

Қазақстанға Моңғол шапқыншылығының әсерін екіжақты қарастыратын болсақ, бірінші жағдайда қазақ халқының этностық құрылымына, шаруашылығына, тұрмыс-тіршілігіне, материалдық және рухани мәдениетіне кері әсерін тигізді. Қалалар мен ауылдар, кітапханалар жойылды. Екіншілік алқаптары мен мал жайылымдары, бау бақшалар тапталды. Елімізде бұрыннан мекен етіп келле жатқан ру тайпалардың қоныс аударып ,өзге тайпалардың көшіп келуіне себеп болды.

Екінші жағдайда, Батыс Қазақстан арқылы жүрген Оңтүстік қазақстан мен Еділ арасындағы сауда саттық, Үндістан мен Қытайға апаратын сауда жолдарын ашты. Алтын Орда мен қарақорым арасындағы елшіліктер қазақ жері арқылы жүрді. Қазақ даласында пошта бекеттері салынды. Қытай хроникасында: «Шыңғыс хан шығыс пен батысты байланыстыратын шегараларда өз ережесін жүргізіп, қамалдар мен бастияндарды жермен жексен етті. Осыдан кейін ғана экономикалық және мәдени қатынастар жақсарып, Шығыс пен Батыстың гүлдену кезеңі басталды» делінеді.

2007 жылы жарық көрген, белгілі тарихшы К.М.Байпаковтың «Великий Шелковый путь на территории Казахстана» деген көлемді монографиясында Шыңғыс хан туралы еуроцентристік көзқарас орын алған. Сонымен қоса, әйгілі шығыстанушы ғалым Л.Н.Гумилев Шыңғыс ханға «біріктіруші» деп баға береді[9].

Соңғы жылдары Шыңғыс ханның өмірбаяны мен Қазақстанның Моңғол ұлыстары билігі дәуірінің тарихы төңірегінде шынайы тарихилыққа жат алыпқашпа әңгімелер көбейіп кетті. Осы және басқада көптеген мәселелерге ғылыми жауап ретінде З.Қинаятұлының «Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті» деп аталатын екі томдық күрделі еңбегі жарыққа шықты. Мұндай құрамы күрделі еңбек З.Қинаятұлының қаламынан тууының себебі автор Моңғолияда туып өскен, сонда біліп алған, моңғолдың ежелгі және жаңа тіл жазуын, шүршіт тілін меңгерген. Соның арқасында әзірге Қазақстан тарихының ғылыми айналымына ене қоймаған бай материалдарды алғаш рет қолданысқа енгізді.

Қорытындылай келе, тарихта қой үстінде бозторғай жұмытқалаған заман көп болмаған, болса да, ол ұзаққа созылмаған. Жоғарыда айтып өткендей, Орта Азия мен Қазақстан далаларында XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында билік үшін күрес асқынып кетті. Өз заманын дүр сілкіндіріп, тарих сахнасына Шыңғыс хан келіп, Шыңғыс хан бастаған Моңғол әскері, әлемнің төрттен бір бөлігін басып алды.

Шынайы әрі рухты тарих-ұлттың бекем тұғыры. Өткенді білмей ілгері жылжу мүмкін емес. Шыңғыс хан тұлғасын, қазақ жеріндегі Моңғол шапқыншылығының себебін, салдарын іздеу барысында нақты пікір айтуға қиынға соғады. Моңғол шапқыншылығының тарихи ақиқаты әліде зерттеуді қажет етеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 728 б.
- 2 Шыңғысхан әлем сілкіндірушісі: ғылыми-көпшілік әдебиет / Құраст. І. Есенберлин. – Алматы: Көшпенділер баспасы, 2002. – 303 б.
- 3 Сұлтанов Т.И. Шыңғыс хан және оның ұрпақтары. – Алматы: Мектеп, 2003. – 148 б.
- 4 Сұлтанов Т.И. Алтын орда. Еуразия даласындағы Шыңғыс хан ұрпақтарының мемлекеті. – Алматы: Мектеп, 2011. – 170 б.
- 5 Мағауин М. Шыңғыс хан және оның заманы. Деректі тарихи хикая. – Алматы: Дәуір, 2014. – 463 б.
- 6 Әминов Т.М. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2016. – 445 бет.
- 7 Құнтөлеуұлы А. Шыңғыс хан. Тарих және құқықтық ғылыми деректер. – Алматы: Дәуір, 2006. – 500 б.
- 8 Джон Мэн. Шыңғысханның көшбасшылық құпиясы. – Алматы: Кітап үйі, 2017. – 234 б.
- 9 Байпаков К. Великий Шелковый путь (на территории Казахстана). – Алматы: «Адамдар», 2007. – 496 б.